

"Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округі әкімінің 2010 жылғы 10 ақпандағы N 8 шешіміне өзгертулер және толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округі әкімінің 2011 жылғы 11 қарашадағы N 8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 желтоқсанда N 13-14-141 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-III Заңының 37-бабы, 35-бабының 2-тармағы, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4-тармағы 4) тармақшасы, Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурызынан № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы 21-бабының, Афанасьев селолық округі азаматтарының жиындағы шешімін ескере отырып,

ШЕШІМ

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округі әкімінің 2010 жылғы 10 ақпанынан № 8 «Шал ақын ауданы Афанасьев селолық округінің елді-мекендерінің көшелеріне атаулар беру» шешіміне (2010 жылғы 9 наурызда 13-14-97 нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде тіркелген, 2010 жылдың 19 наурызында ауданық «Парыз» газетінің № 12 нөмірінде және 2010 жылдың 19 наурызында № 13 нөмірінде жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

1 тармақта 1), 3), 4) тармақшалар жаңа маңызында баяндалсын:

«1) Афанасьевка селосы бойынша:

Бірінші көшеге – Целинная,

Екінші көшеге – Школьная,

Үшінші көшеге – Конституция,

Бесінші көшеге – А.Құнанбаев,

Алтыншы көшеге – Элеваторная,

Афанасьев орта мектебінің оңтүстігі жағындағы А.Құнанбаев көшесінен Целинная көшесінің қиылысындағы қалтарыс - Расул Гамзатов, Овражная көшесінің солтүстігіндегі А.Құнанбаев көшесінен Целинная көшесіне дейінгі қалтарыс – Гагарин.

Конституция көшесінен Целинная көшесіне дейінгі қалтарыс – Оңтүстік»;

«3) Садовка селосы бойынша:

Бірінші көше – Жамбыл Жабаев.

Екінші көшеге – Абай Құнанбаев, Абай Құнанбаев көшесінің солтүстігі жағындағы қалтарыс - Сәкен Сейфуллин»;

«4) Двойники селосы бойынша:
Бірінші көшеге – Конституция,
Екінші көшеге – Школьная,
Үшінші көшеге – Ш.Уәлиханов».

2. Осы шешім бірінші рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн
откен соң қолданысқа енгізіледі.

Селолық округ әкімі

Д. Қоңқаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК